

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы

«Адал азамат»

(біртұтас тәрбие бұрышы)

Ересек «Балақай» тобы

Орындаған тәрбиеші: Боранбаева.С.С.

2025 жыл желтоқсан

Балабақшамызда ұйымдастырылған «Адал азамат» біртұтастәрбие бұрышы балаларға ,шындықты айтуға,өз ісіне жауапкершілікпен қарауға достарына, үлкендерге құрмет көрсетуге,қоғамда өзін дұрыс ұстауға үйретеді.

Мақсаты: Балалардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік, еңбекқорлық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, ұлттық тәрбиеге негізделген саналы да тәрбиелі азамат болып өсуіне жағдай жасау.

Міндеттері:

- 1 Балаларды адалдық пен шыншылдыққа тәрбиелеу;
- 2 Жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты ажырата білуге үйрету;
- 3 Үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу дағдыларын қалыптастыру;
- 4 Қоғамдық ортада өзін дұрыс ұстау, жауапкершілік сезімін дамыту;
- 5 Еңбекке баулу, істі соңына дейін орындауға үйрету;
- 6 Қысқа нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер, апта дәйексөзі.

Ұлттық құндылықтар, салт-дәстүр арқылы рухани-адамгершілік тәрбие беру; Бұл тәрбие жұмысы тек балабақшада ғана емес, отбасы мен балабақшаның бірлескен іс-әрекеті арқылы нәтижелі болатынына сенеміз. Үйде де баламен әңгімелесу, үлгі көрсету арқылы адалдық қасиетін нығайтуға шақырамыз.

